

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Сақта көше тәртібін!ЖАРИЯЛАНДЫ
15.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/68509/>**Мақсаты :**

1. Балаларға жол ережесі туралы жалпы мағлұмат беру.
2. Жол ережесін бұзғанда болатын қауіп-қатер туралы ескерту.
3. Жолда жүргенде абайлап жүруге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Сурет, жол белгілері, сөзжұмбақ.

Не білу керек?

- * Жолаушының ережелерін, жол белгілерін ажырата білу.

Не істей білу?

- * Жолда жүру ережелерін орындай білу.

Бағдаршамсыз жағдайда жолдан қалай өту керек?

Бағдаршамсыз жағдайда көшеден өтерде алдымен сол жағыңа, ал көшенің ортасына жеткенде оң жағыңа қара. Жүріп келе жатқан көлік көрсең, оны өткізіп жібергенің дұрыс. Жолдан өтерде ешқашан асықпа, жүгірме.

Үлкен даңғылдарда өтіп үлгермеген жағдайда,

қай жерде күту керек?

Аялдамада тұрған автобустың қай жағынан өтуге болады?

Аялдамада тұрған автобустың сырт жағынан айналып өт, сонда сен оның соңында келе жатқан машинаны көре аласың.

Көшеде әркімнің өз жолы бар:

Адам — жүргіншілер жолы

(ала жолақ), тротуармен.

Машиналар-даңғылмен.

Велосипед — жолжиегі.

Трамвай - рельспен.

Жаяу жүргіншіге арналған жадынама

1. Жаяу жүргінші жаяу жол (тротуар) немесе жаяу жүргіншіге арналған жолмен жүруі тиіс. Егер олар болмаса, жол жағалауымен немесе велосипед жолымен (велосипедшілер қозғалысына кедергі келтірсе) жүру керек.

2. Елді мекеннен тыс жерлерде жаяу жүргінші көлік құралдары қозғалысына қарама-қарсы бағытта жүруге тиіс;

3. Жаяу жүргінші жолды жерасты өтпесі, аспалы көпірлер, жол таңбалары салынған немесе «жаяу жүргінші өтпесі» белгісі қойылған жерлер арқылы кесіп өтеді. Жаяу жүргінші өтпесі белгіленбеген жолучаскесінде жолды қиылыстардан жаяу жолжиегі бойымен, ал олардың аралағында - жол жақсы көрінетін жерде тікелей кесіп өтуге рұқсат етіледі;

4. Қозғалыс

реттелетін жерлерде жаяу жүргінші реттеуші немесе бағдаршам сигналдарын басшылыққа алуы тиіс;

5. Қозғалыс реттелмейтін жерлерде жаяу жүргінші жақындап қалған көлік құралымен арақашықтықты, сондай-ақ олардың жылдамдығын болжап алып, жолдан өту қауіпсіздігіне анық көз жеткізген соң ғана жолды кесіп өте алады;

6. Жаяу жүргінші жолдан өтіп бара жатып аялдаған немесе қажетсіз тоқтауға тиіс емес. Жолдан өтуді аяқтап үлгермеген жаяу жүргінші ары қарайғы қозғалысты қауіпсіздік аралында күтуге тиіс. Егер олай болмаса, қарама-қарсы бағытта дағы көлікағынын бөліп тұратын сызық бойында күтуі керек;

7. Автобус, троллейбус, трамвай, таксиді тек қана отырғызу алаңында күту қажет. Егер олай болмаса, жаяу жол немесе жолжиегінде тосқан жөн.

Жаяу жолда жүру тәртібі

Жеке жүрсең:

1. Жаяу жолдың оң жағымен жүр;
2. Жүгірме, асықпай адымда;
3. Жолжиегінен (бордюрен) аттама, оның үстімен жүрме;
4. Жаяу жол үстіндегі кедергілерді көлік жолғашықпай айналып өт;
5. Жаяу жолдың ортасын атурма, үйлерге жақын барып тұр;

6. Жаяу жол үстінде ойнап, алыспа;
7. Әлдеқандай затыңды көлік жолға түсіріп алсаң, ересектердің бірінен жәрдем сұра;
8. Жолаушылар үшін жасаған қоршаудан қарғыма.
Оның астынан өтпе және үстіне асылып отырма.

Топпен бірге жүрсең:

1. Қатардан шықпа;
2. Алысып ойнама;
3. Жүгірме, секірме, итеріспе;
4. Шуылдама;
5. Мұғалімнің жөн сілтеуіне ғана құлақ ас, басқаларға алаңдама;

Жолды жаяу жүргінші арқылы өту ережесі

1. Жаяу жолдың шетіне барып, жаяу жүргінші өтпесіне жақындап, жол жиегінен баспай тоқта;
2. Солға және оңға қарап ал: жолдың бір жақты немесе екі жақты қозғалыста екенін анықта;
3. Жақын келе жатқан көлікті өткізіп жібер;
4. Жаяу жүргінші өтпесіне қарай артқа жүріп келе жатқан көліктің жоқ екеніне көз жеткіз;
5. Жолдан өтуді келе жатқан көлікпен арақашықтық қауіпсіз болған жағдайда ғана баста. Қашықтықты анықтағанда жолда кідіру мүмкіндігін ескерген жөн;
6. Көлік жолдан өткенде жүгірме, бірақ жылдам адымда!
7. Жолдан өткен кезде алдымен сол жақта келе жатқан көлікке, ортасынан асқан соң оң жақтағы көлікке қара. Бір жақты қозғалыстағы жолда жүріп келе жатқан көлік түрлерін бақыла;
8. Жол өтпесінен өткенде жаяу жолға қарай қиғаштап емес, тура жүр.

Еркежан: Жалғайтын достастырып бар елменен,

Жолдардан тұрадығой әлемдеген

Бүгінгі бізге келген қонақтарға

Басталсын сабағымыз сәлемменен.

Арманға алға күткен асығармыз,

Біз қалай жалын атпай басылармыз

Жол жүру ережесін жақсы біліп
Сақтыққа тұра алатын жасұланбыз!

Даниял Шуақты өміріміз күндей күліп,
Жүректе бүршік атып, гүлдейді үміт.
Арманғасапартартумүмкінемес,
Жол жүру ережесін білмей тұрып.
Қай көшеге, қай қалаға барсаңыз да
Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да
Жол жүру ережесі – Заңды тәртіп
Жол – ортақ! Үлкен-кіші баршамызға.

Нұрдаулет Жол ортасын айландырып алаңға,
Көпшілігің ұмытыпсың ережені далақтап,
Барлығымыз бірге үйреніп білейік
Жол бойында қалмау үшін алаңдап.

Ерасыл. Ескерту белгісі:

Қып-қызыл үшбұрыш,
Ескерту белгісі мен болам.
Қауіптен сақ бол деп, сәт сапар жолдаған
Аман-саужүредіжаяу да, көлік те.
Мен бергенбелгінісақтаған, қолдаған.

Зейін. Тыйым белгісі:

Қызылмен боялған, шеңберім аумақты,
Тыйымшылбелгімін, қаталмынсалмақты.
Мен тұрғанжерлердехақыңжоқжүруге,

Қауіп бар, бағдарлакөзсалыпжан-жақты.

Шахкерім. Анықтама белгісі:

Белгімін көрсетер жылдамдық, бағытты,

Міндетті бұрылыс, әйтпесе, қауіпті.

Барлығын анықтап тұрамын жолында,

Абай бол, шартымдыміндеттіорында.

Інжу. Көрсеткішбелгісі:

Баратынжеріңніңбағытын, тұрағын,

Үн-түнсізжөнсілтеп, жолнұсқаптұрамын.

Күндіз де түнде де от болыпжанамын,

Көк түске боялған, төртбұрыш шырағым.

Нүрәлі. Бағдаршам:

Көшеде бағдаршам болмаса,

Кісі жоқ жөн сілтер өзіңе

Кідірме, абыржып онда аса

Сенгейсің өзіңнің көзіңе

Көшеде ортаға жеткенше

Әуелі көзің сал сол жаққа

Балақай, ортадан өткен соң

Мойның бұр сол жақтан оң жаққа.

Сұрақ- жауап.

1. Жүргізушілерге қозғалысты бағыттайды. Жол бойында кездеседі.
2. Қоғамдық көлік түрі.
3. Зымыран жүргізушісі.
4. Машина маркасы.
5. Бағдаршамныңқайжарығыжаңғандарұқсатетіледі?

6. Алғашқы медициналық пунктi.
7. Машинаның аяқ киімі.
8. Кезкелген көлікті түрiн пайдаланатын адамдар.
9. Жолаушы көлікті қай жерде күтеді?

Қорытынды:

Біздің қалаларымызда, сол сияқты ауылды жерлердің бәріне ортақ жол қатынасы енгізілген. Бұл ережені оқушылар, үлкендер де, барлық жүргіншілер, көлік жүргізушілері бұлжытпай орындауы керек. Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.